

Ханшайым Қарабаева, Анар Аширова
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ҚАЗАҚ ТЕРМИНТАНЫМЫ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ
Geçmiş ve şimdiki zamandaki Kazak terminolojileri
Kazakh terminology: past and present

Тірек сөздер: қазақ тіл білімі, қазақ терминологиясы, лингвистикалық термин, авторлық термин, эпоним

Anahtar kelimeler: Kazak dil bilimi, terminolji, dilsel terimler, yazarim vadeli, eponymous.

Key words: Kazakh linguistics, terminology, linguistic terminology, the author's term, eponymous.

Қазақ тілінің сөз байлығын құрайтын салалардың бірі – терминологиялық лексика, яғни термин жүйесі. Мәселен, 2000 жылы авторлар ұжымы қырық алты ғылым саласы бойынша 31 томдық «Қазақша-орысша орысша-қазақша терминологиялық сөздік» басып шығарды. Сөздіктің әдебиет пен лингвистикаға арналған бір ғана 27-ші томының өзінде бес мыңнан астам терминдер қамтылған. Ал, 2003 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік терминология комитеті (Мемтерминком) тіл саласы бойынша 211 жаңа терминді бекіткен. Мұндай статистикалық мәліметтер қазақ тіл білімі терминдері қатарының үнемі толығып отырғандығын көрсетеді. Мұның себебі неде? Біздіңше, басты себептерінің бірі – қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алуы. Мемлекеттік тіл ретінде қоғам өмірінің барлық саласын қамтым, ғылым саласында кеңінен қолданыла бастауы. Екіншісі, қазіргі жаһандану үдерісі мен техника мүмкіндіктерінің артуы ғылыми жаңалықтар мен ғылыми бағыттардың жер шарындағы түрлі аймақтарға тез тарауына оң ықпал етуі. Аталған құбылыс Қазақстанды, қазақ тіл білімі саласында да айналып өтпек емес. Мәселен, тіл-тілдердегі ғылыми жаңалықтар қазақ тіліне функционалды грамматиканың еніп, жан-жақты зерттелуіне үлкен көмегі тиді. Қазақ тілі мамандары бұл саланың зерттеу нысандарына қатысты еңбектер бере бастады. Нәтижесінде, функционалды грамматикаға қатысты ұғымдарды білдіретін жаңа тілдік терминдер қолданысқа түсе бастады.

Ал, терминология саласына қатысты қазақ тіл білімінде соңғы кездері қолданыла бастаған, алайда лингвистикалық сөздіктерге ене қоймаған пән сөздерінің бірі – *авторлық термин* немесе *авторлық терминдер* атауы. Авторлық термин орыс тіл біліміндегі терминдерді авторларына қарай жіктеу үлгісі негізінде алынған. Бұл жіктелім түрі орыс ғалымдарының еңбектерінде *классификация терминов по авторству* деп аталады, яғни терминдерді *авторларына қарай жіктеу*. Ғалымдарының айтуына қарағанда, бұл жіктелім терминдерді әлеуметтік тұрғыда зерттеу мақсатын көздейді. Аталған жіктелім үлгісі терминдердің жасалуында белгілі бір автордың

немесе ұжым мүшелерінің рөлін ескеруді міндеттейді. Ғылым тарихында көптеген терминдердің шығуы жекелеген тұлғалардың атымен тығыз байланыста қарастырылады. Мәселен, *геликоптер* терминінің жасалуы Леонардо да Винчи, *промышленность* (өнеркәсіп) термині Н. М. Карамзин, *социология* термині О. Конт есімдерімен байланысты айтылса, тіл білімінде *семантика* терминінің авторы француз ғалымы Мишель Бреаль деп танылады. Сондықтан соңғы жылдары орыс ғалымдары тарапынан бұл жіктелім үлгісіне жіті көңіл аударыла бастағаны байқалады. Мысалы, 2003 жылы А. П. Дьяченко «Словарь авторских терминов, понятий и названий» атты 375 беттен тұратын көлемді сөздікті жарыққа шығарған. Интернет жүйесінде келтірілген мәліметтер бойынша, аталған сөздікте авторлары нақты немесе біршама нақты анықталған авторлардың түрлі ғылым салаларында қолданылатын 3700 ғылыми ұғымдар мен атаулар қамтылған. Сонымен қатар Л. В. Попованың 2004 жылы Омскіде «Проблема качества лингвистического термина (На материале авторских терминосистем функциональной грамматики)» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертация қорғалған.

Міне, осы деректерді негізге ала отырып, қазақ тіл біліміндегі терминдердің авторларын анықтау қажеттілігі де туындады. Бұл бағытта жүргізілген «Авторлық терминдер: пәрменді-пәрменсіз қолданылу динамикасы» [1] деп аталатын алғашқы зерттеу жұмысы көрнекті қазақ ғалымдары А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев еңбектері негізінде жүргізілді. Себебі қазақ тілі грамматикасының төл тілімізде оқытылып, ғылыми тұрғыда жүйеленуі «XX ғасырдың ұлы реформаторы» атанған Ахмет Байтұрсынұлы (1873-1938) есімімен тікелей байланысты. Қазақ тілі оқулығын жазып, грамматика негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлы ұлттық тілдің негізінде термин жасау мәселесіне ерекше көңіл бөлді, бұл салада тың жол салып, үздік үлгі көрсетті.

Әдетте, қазақ тілінің термин жүйесі, терминтану тарихы туралы сөз болғанда оның жеке ғылым саласы ретінде өткен ғасырдың 30-шы жылдарында, яғни кеңестік дәуірде қалыптаса бастағандығы айтылады. Алайда, аталған мәселені сөз ету барысында қазақ терминологиясының тарихына қатысты мына деректердің ескерілгендігі маңызды болар еді.

1926 жылы Бакуде өткен Түркішілдердің бүкілодақтық бірінші құрылтайында Ахмет Байтұрсынұлының арнайы баяндама жасағаны белгілі. Ахмет Байтұрсынұлы өз баяндамасында бірыңғай терминология қалыптастыру мақсатымен Академиялық орталық жанынан қазақтардың арнайы комиссия құрғандығын және аталған комиссияның тілге варваризмдердің еніп, бұзылмауын қамтамасыз етуға мүмкіндік беретін төмендегідей қағидаттар негізінде жұмыс істейтіндігін айтқан:

а) термин ретінде ұғымның мән-мағынасын ашып бере алатын қазақ сөздерін алу;

ә) мұндай сөздер қазақ тілінен табылмаған жағдайда, оны туыстас тілдерден қабылдау;

б) танымал халықаралық терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгеріске ұшырауы тиіс;

в) қазақ тілінің табиғатына жат сөздердің бәрі қазақ тілінің ерекшелігіне сай өзгертіліп алынуы тиіс.

Қазақ зиялылары терминжасам ісіне ең әуелі қазақ тілі мүддесі, яғни қазақ халқы мүддесі тұрғысынан келеді. Қазақ терминжасамының қағидаттары 1924 жылдың маусым айында Орынбор қаласында өткен Қырғыз (қазақ) білімпаздарының бірінші съезінде мақұлданып, қабылданған [2; 422]. Осы маңызды дерек негізінде, қазақ терминологиясының қалыптасу тарихы ресми түрде осы аталған күнге сәйкес 1924 жылдан бастау алады деп білеміз.

А. Байтұрсынұлы лингвистикалық терминдерді жасау барысында қазақтың байырғы төл сөздерін (*буын, сөз, түбір, жалғау, жұрнақ, бастауыш, баяндауыш*), сонымен қатар кірме сөздерді (*әріп, әліппе, есен*) де тіліміздің ерекшелігіне бейімдеп терминдік мәнде қолданудың озық үлгісін танытты. Бүгінгі таңда Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері негізінде теріліп алынған терминдердің 147-сі бүгінде қазақ тіл білімінде пәрменді қолданылып отырғаны, 232-сінің қолданыстан шыққандығы анықталды.

1927 жылы Голощекин Ахмет Байтұрсыновты 5 мыңдай жаңа термин шығарып, халықаралық терминдерді қолданыстан ығыстырып тастап, оның беделін түсірді деп айыптаған көрінеді. А. Байтұрсынұлына тиесілі делінген бұл терминдер бір ғана тіл білімі саласына ғана қатысты емес, қазақ ғылымының түрлі саласына қатысты деп білеміз.

Өкінішке орай, 30-шы жылдардың екі жартысынан бастап тілімізді терминдер арқылы интернационалдандыру бағыты үстемдік алып, бұл үрдіс тәуелсіздік алған жылдарға дейін тұрақты жүргізілді.

1933 жылы Мемлекеттік терминком құрылып, оның төрағасы болып профессор Құдайберген Жұбанов (1899-1938) тағайындалды. Ғалым қазақ терминологиясын жасау, қалыптастыру шараларына байланысты ең бір жауапты кезеңде еңбек етті. Термин ұғымының дефинициялық мәнін ашу, қазақ тілінің терминдерін қалыптастыру, олардың жасалу қағидаттарын жетілдіру ісі профессор Сәрсен Аманжолов (1903-1958), академик Нығмет Сауранбаев (1910-1958) еңбектерінде көрініс тапты.

Бүгінгі күн талабы тұрғысынан қарағанда жоғарыда аталған ғалымдардың тіл заңдылықтарын зерттеу, баяндау әдісі бір қарағанда қарапайым болып көрінгенімен, зерттеу жұмыстарына өзек болған мәселелердің күрделілігі мен маңыздылығы зор. Сондықтан да олардың ғылыми мұралары бүгінгі күнге дейін тіл мамандарының қызығушылығын арттырып, жаңа ғылыми зерттеу еңбектеріне арқау болып келеді. Солардың қатарына өз зерттеуімізді де жатқызамыз.

Академик Ө. Айтбаев терминжасам: «қоғам мүшелері тарапынан жасалатын саналы әрекет», «қолдан жасалатын творчестволық іс» дей отырып, «*жалпы халықтық тілдегі көптеген сөздердің қашан, қалай пайда болғанын біле бермейміз. Ал терминдердің, тіпті бүкіл бір терминдік жүйенің неге байланысты, қалай, қай мезгілде жасалғанын дәл айтып беруге*

болады. Бұл жағынан терминдердің ономастикалық лексикамен (кісі аттарымен) ұқсасатын жері бары рас» [3;126], - дейді. Ғалымның осы тұжырымы қазақ тіл білімі терминдерінің қалыптасуы мен даму тарихына қоса, олардың авторларына қатысты ізденістердің аса қажеттігін көрсетеді.

Қазақ ғалымдарының лингвистикалық сөздіктеріне енбей жүрген терминдердің бірі – *эпоним*. Эпоним грек тілінен аударғанда «ат беруші» деген ұғымды береді. Тіл білімінде эпоним деп терминдік атауға айналған жалқы есімдер аталады. Әсіресе эпоним терминдер медицина, химия, математика, физика ғылымдарының салаларында жиі қолданылады. Мысалы *Менделеев кестесі, Гиппократ анты, Ом заңы, Боткин ауруы, Рентген сәулесі* және т.б. Алайда қазақ тіл білімінде де аз да болса, эпоним терминдердің бар екендігіне көз жеткізуге болады.

А. Байтұрсыновтың ұлттық мүддеге бағытталған ерен еңбегі кеңес идеологтары тарапынан қоғам өміріне қайшы дұшпандық әрекет деп танылғанымен, озық ойлы замандастары А. Байтұрсынұлының халық үшін жасаған игі істерін үлгі тұтып, жоғары бағалай білді. Соның бір дәлелі – кеңестік тіл білімінде «Байтурсуновский алфавит» [4; 59] эпонимінің қалыптасып, лингвистикалық терминге айналуы. Байтұрсынұлы жазуы халық арасында «төте жазу» деп аталып, 1929 жылға дейін ресми түрде қолданыста болғаны тарихтан белгілі. Алайда XX ғасырдың басында қазақтың саяси-әлеуметтік өмірінде орын алған өзгерістер салдарынан қазақ әліпбиі бастапқыда латын, кейін кириллица негізінде жасалған әліпбимен алмастырылды. Осыған байланысты А. Байтұрсынұлы есімімен тікелей байланыста қалыптасқан қазақ тіл біліміндегі бірден-бір эпонимнің лингвистикалық терминдер қатарынан ығыстырылып, пәрменсіз терминдер қабатына өтті. Соған қарамастан, А. Байтұрсынұлы негіздеген қазақ жазуы бүгінгі таңға дейін Қытай Халық Республикасын мекендейтін қандастарымыздың әліпбиі болып келе жатқандығы «Байтұрсынұлы әліпбиінің» өміршеңдігін, демек сапалы жасалғандығын айғақтайды.

Сол сияқты қазақ тіл білімінде қолданылатын лингвистикалық эпонимдердің қатарына *шағатай тілі, кириллица, Гумбольдт ілімі, Виноградов мектебі* сияқты терминдерді жатқызуға болады.

Қорыта айтқанда, қазақ терминологиясы, оның ішінде тіл білімі терминологиясы жүйелі дамуды. Соңғы жиырма жылда қазақ ғалымдарының терминтаным бағытындағы ғылыми зерттеу жұмыстары жандана түсті. Әсіресе, қазақтың байырғы сөздері негізінде жасалған терминдердің үлесі артуда. Алайда, шешілуі тиіс өткір мәселелердің де аз еместігін айтамыз.

Пайдаланған әдебиет

1. Авторлық терминдер: пәрменді-пәрменсіз қолданылу динамикасы. (А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев еңбектері негізінде): филол. ғыл. канд. дис. автореф. 10.02.02. –Алматы, 2010. –28 бет.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992
3. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының даму мен қалыптасуы. – Алматы, 1988.

Özet

Makale Kazak dilsel terminolojiyin geliştirilmesi yollarına kısaca analiz verilir. Özellikle özel sektör ve birey, bilimsel disiplinlerin ihtiyaçları sağlayan, ulusal terminolojisine önemli katkılarda büyük bilim adamı A. Baitursynov, katkısını kabul edilir.

Summary

The article gives a brief analysis of the ways of development of Kazakh linguistic terminology. Have considered the contribution of the great scientist A. Baitursynov, which made a significant contribution to the national terminology, especially in providing the needs of specific industries and individual scientific disciplines.

And, led by the terminology used in the Kazakh language in education in recent years, but the words do not penetrate into the language dictionaries things the name of one of the author's copyright term or condition. The rights of authors term Russian linguistics terms based classification model. This type of classification of works of Russian scientists in terms of classification called on authorship forward, according to the authors of classification terms. According to scientists, this classification is the study of the social context conditions. This classification model of the conditions should also take into account the specific role of the author or team members. Many people in the name of the origin of the terms in the history of science are closely linked. For example, the term helicopter to be Leonardo da Vinci and Industry (Industry), the term N. Karamzin, the term sociology A. Contact the author of the term contained in linguistics and semantics associated with the names of the French scientist Michel Bréal recognized. Thus, Russian scientists in recent years, there are clear signs that the model classification is aimed at sharply.

In connection with the requirement of the day, above the laws of scientific study of language, way of writing may seem simple at first glance, is the core of the complexity and importance of the study. Thus, it is their interest linguists scientific heritage and to this day, based on the latest scientific research. Among them, the researcher. Academician P. Aitbaev terminology: "acts committed by members of the public consciousness," "creative leadership", saying, "People do not know how many words in the language.